

УДК 556.2 (574.12)

Л. М. ҚАЗАНБАЕВА

МАҢҒЫСТАУ-ҮСТІРТ АЙМАҒЫНЫҢ ЖЕР АСТЫНДАҒЫ ТЕРМАЛДЫ СУЛАРЫ

Манғыстау-Үстірт аймағы негізінен Қазақстанның оңтүстік-батысында Каспий мен Арал теңіздерінін ара-лығында 260 мың км²-ге жуық ауданда орналасқан. Оның шығыс жақ бөлігі Өзбекстанға, Қарақалпақ жеріне, аздаған оңтүстік бөлігі Түркменияға кіріп жатады. Аймақты ұзақ жылдар бойы көптеген ғалымдар зерттеген [1, 10].

Аймақтың табиғи жағдайы жер бетінен оның қойнауына қарай түгелінен алғанда ете күрделі. Соның ішінде еңбастысы – құргакшылығы, шөл далада орналасуы. Оның жер бетінде бір де бір ағынды өзен жоқ. Жауын-шашиң мөлшері ете аз.

Бұл араның жер бедері, геоморфологиясы әр бөлігінде әртүрлі. Оны түгелінен алғанда Үстірт жотасын қоршай жатқан биік (100–250 м) шыны арқылы аймақ тікелей Үстірт жотасы (шығыста) және Манғыстау түбегі (батыста) болып екіге бөлінеді. Үстірт жағынан, негізінен, жер беті көтерінкі (мұхит бетінен 100–300 м биіктікте) орналасқан тастақ жазық. Оның әр бөлігінде аздаған сор-балшықты, солтүстігінде құм тәбелі шұнқырлар орналасқан. Үстіртпен салыстырғанда Манғыстаудың жер бедері едоуір күрделі.

Манғыстау түбегінің орталығында солтүстік-шығыстан оңтүстік-шығысқа қарай 300 км-ге созылып, түбектің атын берген Манғыстау таулы қыраты орын алған; оның жалпы аумағы 10 мың км² шамасында. Бұл ара үш-төрт бөліктен тұрады. Таулы қыраттың дәл орталығында аталған бағытта үш таулы жота – Кіші Қаратаяу (биіктігі 180–215 м), Батыс және Шығыс Қаратаяу жоталары (биіктігі 300–550 м) орналасқан. Қаратаяу жоталарын айнала қоршап және олардың әр қайсысын бірінен-бірін бөліп ойлы-қырлы ойпаттар («Қаратаяу маңындағы арналар») алғып жатады. Олардың жер бедерінің биіктігі 100–150 м. Бұл ойпаттарды солтүстік-шығыстан және оңтүстік-шығыстан шектеп аласа (200–300 м) Солтүстік және Оңтүстік Ақтау жоталары орналасқан.

Солтүстік Ақтаудың солтүстігінде жер беті төмен, биіктігі 20–30 м-ден аспайтын жалпы аумағы 20 мың км²-ге жететін Бозашы жазығы алғып жатады. Ол батысы мен солтүстігін де Каспий теңізімен, солтүстік-шығыс пен шығыста Өлі Қолтық және Қайдақ балшық-сорларының, аргы бетінде Каспий бойындағы ойпат-пен және Үстірт жотасымен шектелген.

Оңтүстік Ақтаудан оңтүстік-батысқа қарай жер беті біртіндеп еңкіштеле келе Тұпкараған және Оңтүстік Манғыстау жоталары орналасқан. Ол батыста Каспий теңізі және шығыста Қарынжарық батпақ-сорлы кеңшұнқырдың аргы бетінде Үстіртпен шектескен. Жер беті жалпы алғанда жазық болғанымен солтүстік-шығысында бірімен-бірі жалғаса бірнеше құм шағылдар, орталық бөлігінде бірнеше қазан шұнқырлар (солардың ішінде әлемдегі ентерен шұнқыр мұхит бетінен 132 м төменде жатқан Қаракия қазан шұнқыры) арқылы күрделенген. Жотаның жалпы аумағы 30 мың, жер бетінің биіктігі солтүстік-шығыста 150-200 м-ден Каспий теңізіне жакындағанда 60–80 м-ге дейін төмсендейді.

Манғыстау түбегі – Қазақстандағы мұнай көніне бай өлкенін бірі. Бұл жөнінде Үстірт жотасының да болашағы зор. Қолданылмалы мұнай көрі бор дәүірінің шөгінділерінен басталып (Бозашының солтүстігінде), иора шөгінділерінің (Оңтүстік Манғыстауда) қойнауында орын алған.

Манғыстау-Үстірт аймағының геологиялық-гидро-геологиялық құрылымдары да едәуір күрделі. Оның құрамында пермь-триас қатпарлы тау жыныстарынан басталып (ол Қаратаяу қыраттары бойында жер бетінде шығып жатады), негізінен жоғары неоген құрамына известасты жыныстарына, ал Бозашыда қалындығы аз антропоген құм-балшықты шөгінділерінде дейін пайда болған. Олардың қойнауында ондаған сұлы қабаттар қалыптасқан. Соның ішінде төменде сез болғалы отырған термалды (ыстық) сулар (жылылығы 40 °C-тан астам) Манғыстау қыраттары мен оған жақын араларда, Бозашы түбегінің солтүстігінен басқа аудандарда, атап айтқанда: Бозашының оңтүстік ойысында, Оңтүстік Манғыстау дөңесінде және бүкіл Үстірт жотасының бойында түгелінен таралған. Бұл термалды сулар көп жағдайда мұнайлы қабаттарда орын алған. Олардың алғып жатқан шөгінді қабаттары, теренідігі, суының жылылығы (температурасы), арын қүшінің аз-көптігі, су өнімділігі, минералдық және химиялық құрамы жағынан аталып отырған аудандарда біраз өзгешеліктерімен сипатталады.

Олар өздерінің физика-химиялық жағдайларына қарай әр бағытта: жылу көзі ретінде, жер суаруға, кейбір шаруашылық бағыттарында, емдеу орындарында шипалы су ретінде қолдануға, болашакта әртүрлі

пайдалы өнеркәсіпке қажетті элементтерді өндіріп алуға, тым ыстық сулардың құрамындағы тұздардың мөлшерін азайта отырып үйлерді, мекемелерді жылытуға, табиғи энергия көзі ретінде, мұнай-газ өндіру ісінде пайдалануға болады.

Термалды суларды қазіргі кезде көрсетілген алғашқы үш-төрт бағытта тиімді түрде пайдалану үшін олардың температурасы 40°-тан астам, минералдылығы 10 г/л-ден төмен, өнімділігі мен арын күші айтарлықтай жоғары болуы қажет. Мұндай термалды сулар негізінен Бозашы түбекінің онтүстігінде таралған.


Онтүстік Бозашы ойысы түбектің онтүстігінде Солтүстік Ақтау жотасына жалғаса орналасқан. Бұл арада температурасы 40–55° аралығындағы термалды (ыстық) сулар палеоген мен жоғарғы бор шөгінділерінің астында көбінесе альб-сеноман қабатында 500–900 м терендікте қалыптасқан (суретті қара). Мұндай сулар одан да төмен жатқан (900–1500 м аралығында) төменгі бор қабаттамаларында да орын алған. Бұл қабаттамалардағы жалпы қалындығы 30–70 м сулы горизонттар қалынсаз-балышты шөгінділердің арасында әртүрлі түйіршікті құм, құмтасты қабаттарды алып жатады. Бұл горизонттардағы термалды сулардың минералдылығы ойыстың онтүстігінде 1,8–3 г/л болса, солтүстікке, солтүстік-батысқа қарай 10–15 г/л-ге, одан ары 100–150 г/л-ге дейін көтеріледі (суретті қара). Пайдалануда мәні зор, минералдылығы аз (3–5 г/л-ге дейін) ыстық сулар бұл арада 2,5–3 мың км² аумақты алып жатады. Су өте арынды. Ұнғымалармен оның көзін ашқанда судың өнімділігі 20–30 л/с-не жетеді.

Химиялық құрамы хлорлы натрийлы.

Манғыстау таулы қыратынан онтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан кең көлемді Онтүстік Манғыстау дөңесінде термалды сулардың қалыптасуы, алып жатқан орындары, минералдылығы, жылылық, басқа да жағдайлары Бозашы түбекінде қарағанда едәүр күрделі. Минералдылығы 3–10 г/л, жылылығы 40–55° термалды сулар дөңестің солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жактарында таралып, негізінен альб-сеноман қабаттамаларын алып жатады. Бұл арапардағы сұлы қабаттардың жалпы қалындығы 20–50 м, орташа терендігі 500–900 м (Қаракия ойысының маңында 1000–1100 м-ге дейін); сұзы өте арынды, ұнғымалармен көзін ашқанда шапшып-төгілмелі, өнімділігі 15–20-дан 50–65 л/с-ке дейін жетеді.

Аталып еткен арапардан онтүстік, онтүстік-шығысқа қарай термалды сулар альб-сеноман, төменгі бор шөгінділерімен қатар юра дәүірінің мұнайлы қабаттамаларын (Өзен, Жетісай, т.б. кең орындары) алып жатады. Бұл бағыттарда тек жоғарыда жатқан альб-сеноман сұлы қабаттамаларының саны да (8–10-ға дейін), терендігі (600–1500 м), минералдылығы (10–100 г/л), жылылығы (50–90°), арын күші біртіндеп арта береді. Одан төменгі бор, юра әртекті құмды шөгінділерінде бұл көрсеткіштердің мөлшері онтүстікке қарай және терендеген сайын тездеп арта түседі. Жеке алғанда юра қабаттамаларында 2–3 км терендікте жатқан термалды суларының температурасы 120–140°-қа дейін көтеріледі.

Термалды сулардың терендігі, соған байланысты



Манғыстау-Үстірт аймағындағы жерасты термалды суларының таралынушылық схемасы (аймақ аудандары):

- А – Бозашы түбегі;
- Б – Манғыстау таулы қыраты;
- В – Тұңқараған мен Онтүстік Манғыстау жоталары;
- Г – Үстірт дөңесі).
- Альб-сеноман шөгінділеріндегі термалды суларының минералдылығы (г/л): 1 – 3-тен аз; 2 – 1–3; 3 – 3–10; 4 – 50–100; 5 – 100-ден астам; 6 – термалды сулардың терендігі, м; 7 – Үстірт дөңесінің шыны; 8 – таулы қыраттар; 9 – мемлекеттік шегара; 10 – термалды сулардың минералдылығының (10 а) және терендігінің (10 б) шектері

минералдылығы мен температурасы артқан сайын жалпы алғанда сұлы горизонттардың күрайтын күм, күмтастардың, кейбір жағдайларда известастардың кеуектілігі (пористость) азая түседі. Ал кеуектілік мөлшері азайған сайын сұлы горизонттардың су бергіштігі – өнімділігі де кемиді. Жоғарыда жер бетіне жақын жататын негізгі сұлы қабаттамада, альб-сеноман горизонттарындағы арынды термалды сулардың өнімділігі Оңтүстік Манғыстау дөңесі жағдайында 50–65 л/с-ке жетеді деп көрсеткен болсақ, одан едәүір төменде жатқан юра шөгінділерінің арынды су өнімділігі көбінесе 10–15 л/с-тен арта коймайды.

Термалды сулар Устірт жотасының барлық бөліктерін түгелдей қамтып, көнінен тараған. Бұл арада олар негізінен бор (альб-сеноман, апт-неокон қабаттарын) және юра шөгінділерінің қойнауында қалыптасқан.

Минералдылығы 10 г/л-ге дейінгі термалды сулар Устірттің солтүстігі мен оның Каракалпақ жерінде, ендік дөңестің онтүстік-шығыс бөлігінде тараған (суретті кара). Бұл араларда олар альб-сеноман шөгінділерінің қойнауында 500–800 м терендейтік жатады, температурасы 40–50°, минералдылығы 30–50 г/л болады. Басқа шөгінділердің қойнауында қалыптасқан 3 км-ге дейінгі терендейтіктері термалды сулардың температурасы Устірттің солтүстік-батысы мен орталығындағы ендік белесте 100–110°-қа жетеді де минералдылығы 40–90 г/л шамасында болады. Жотаның солтүстік, солтүстік-шығыс және онтүстік ойыстарында аталаған терендейтік дейінгі термалды сулардың температурасы 130–140°-қа, ал минералдылығы 150–250 г/л-ге дейін көтеріледі. Жекеленген терен ұнғымалар бұл ойыстардағы судың температурасы мысалы 4 км терендейтікте 170–180°-қа дейін жететінін көрсетті; бұл сулардың минералдылығы 190–220 г/л шамасында болады. Олардың күрамы әрдайым хлорлы натрийлы, әртүрлі сирек те шашыранды түрде кездесетін микроэлементтер бар. Атап айтқанда (мг/л есебімен алғанда): йод (10–18 аралығында), бром (300–560), бор (15–80), калий (750–1500), стронций (200–960), тағы басқа микроэлементтер бар. Мұндай микроэлементтерге бай термалды сулар Оңтүстік Манғыстау ойысында юра және бор шөгінділерінде көрсеткіштің көрсеткіштің бірі.

Бұл сулар өте арынды. Көп жағдайда ұнғымалармен көзін ашқанда шапшып жер бетіне шығып төгіледі немесе денгейі жоғарылап жер бетіне жақын терендейтік дейін көтеріледі. Олардыңсу өнімділігі әзірше анықтала қоймаған, бірақ 10–15 л/с-нен кем бола қоймас.

Баяндалып отырған термалды сулардың, жалпы

алғанда сұлы қабаттардың негізгі бір көрсеткіші – геотермиялық саты (геотермическая степень) болып саналады (оның көрі шамасы геотермиялық градиент). Бұл ұғым жер қыртысын тік бағытта қазып өткенде бір градуске көтерілу биіктігі екені мәлім. Бүкіл құрлық көлемінде орта есеппен алғанда температура әрбір 33 м терендейтікте бір градуске көтерілетіні де анықталған. Бірақ бұл тек орташа есеп қана, оның нақтылығы мөлшері әр арада әртүрлі – 5 м (жанартаулы аудандарда) мен 150 м (мұздықты биік таулы аймактарда) аралығында болатын көрінеді. Баяндалып отырған аймакта, көпжылдық зерттеулердің көрсетуінше, оның орташа мөлшері (әр терендейтікте әртүрлі болатындықтан) 25 мден (ОНТҮСТИК МАНҒЫСТАУ мен УСТИРТ ОЙЫСТАРЫНДА) 50–55-ке (Каратай маңында) болады.

Геотермиялық сатының мөлшері неғұрлым аз болса, сол араның жер қойнауының жылдылығы (термалды сулардың температурасы) соғұрлым жоғары болғаны. Бұл жағынан алғанда аталаған Оңтүстік Манғыстау мен Устірт терен ойыстары (бұл араларда геотермиялық саты 23–28 м аралығында) ыстық суға енбай аймак болады. Бұл Қазақстан аймағындағы ең жоғарғы көрсеткіштің бірі.

Аталаған отырған шама 25–32 м шамасында болса, Манғыстау таулы қыраттарына жақын араларында, Бозашы тубегінің солтүстігінде және Устірт жотасының солтүстік-батысы мен солтүстігінде ол 35–40 м шамасындаған. Демек, кейінгі араларда термалды суларды табиғи жылу көзі ретінде іздеу мүмкіндігі аз болғаны.

Табиғи қызу күші қаншалықты жоғары, сирек те шашыранды түрде кездесетін аса бағалы элементтерге бай болғанымен, баяндалып отырған аймактың жоғары термалды (ыстық) сулары әзірше пайдаланылмаған; бұл – болашакта пайдалануды күтіп отырған бір байлығымыз.

Каспий тенізі бойында, Ералы кентінде, орташа термалды минералды жерасты суы біраз жылдардан бері емдеу орындарында пайдаланылып келеді.

Бұл арада 1967 ж. 1106 м терендейтікten альб-сеноман қабаттамасынан алынған ыстық су ұнғымадан шапшып, жер бетіне төгілген болатын. Төгілмелі судыңөнімділігі 14 л/с. Бұл минералды су аз сілтілі, минералдылығы 8,5 г/л, сульфатты-хлорлы натрийлы, температурасы (жер бетіне шыққанда) 70° шамасында. Судың күрамында [8] мынандай қосындылар бар екені анықталды (мг/л есебімен алғанда): йод (1,7-ге дейін), бром (13,3), кремний (48,6), күкірт (12,0) және метабор (1,1) қышқылдары, фенол (12), майлар органикалық қышқылдар (66,4), әртүрлі металдар (темір,

марганец, ванадий, литий, стронций, барий, алюминий) және биологиялық әсерлі заттар бар екені белгілі болды.

Минералды судың қолданылмалы қоры 28 л/с мөлшерінде 1971 ж. бекітілді. Суды тиімді пайдалану негізінде жүйке, ішек-қарын, қозғалу органдарын әмдеуге арналып шипалы санаторий ашылды.

Минералдылығы, химиялық құрамы, шипалық қасиеті осыған ұқсас термалды минералдық су облыс орталығы Актау қаласының маңынан да альб-сеноман горизонтынан 970–1020 м терендіктен табылған.

ӘДЕБІЕТ

1. Сыдықов Ж. Жер асты сулары. Алматы, 1959. 84 б.
2. Сыдықов Ж. Жер астындағы теңіз. Алматы, 1976. 159 б.
3. Сыдықов Ж. Қазақстан гидрогеологиясы. Алматы, 2004. 277-374-бб.
4. Бондаренко Н.М., Жеваго В.С. т.б. Термоаномалии подземных вод Казахстана. Алма-Ата, 1981. 83 с.
5. Вольковский И.С., Гарецкий Р.Г. т.б. Тектоника Туранской плиты. М., 1966. 287 с.
6. Гидрогеология СССР. Т. 35. Западный Казахстан. М., 1974. 522 с.
7. Сыдықов Ж.С. Подземные воды Каспийского нефтегазоносного региона. Алматы, 2001. 368 с.
8. Сыдықов Ж.С., Кан М.С., т.б. Использование минеральных вод Казахстана. Алма-Ата, 1986. 103 с.
9. Сыдықов Ж.С., Кұқабаев Б., т.б. Подземные воды Ман-

ғышлак-Устортской нефтегазоносной провинции. Алма-Ата, 1970. 202 с.

10. Сыдықов Ж.С., Чакабаев С.Е., т.б. Гидрогеотермические условия Арало-Каспийского нефтегазоносного региона. Алма-Ата, 1977. 184 с.

Резюме

Подземные воды широко распространены на Южном Мангистау. В перспективе их можно использовать во многих направлениях.

Summary

The underground waters are widely extended in the south of Mangistau and Usturt. Their temperature, for example, reaches 130–140° into the depth of 3 km. In outlook the underground waters can be used to several directions.

Поступила 2.04.06г.